

Қазақстан Республикасы жасасқан табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын алу және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 469 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 11 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2003. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2
3

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр

Б.Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

М и н и с т р д і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

9

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 5 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

9. "Қазақстан Республикасы жасасқан табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын алу және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы № 469 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2003 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланды, 2003 ж., № 8, 804-құжат).

.....

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық

Кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасы жасасқан табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын алу және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережесі бекітілсін.

2. Халықаралық салық салу басқармасы (С.Сарбасов) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне осы бұйрықты жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

К е л і с і л г е н
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының
о р ы н б а с а р ы

2002 жылғы

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрінің

2002 жылғы 3 қазандағы

№ 469 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасымен жасалған қосарланған салықты болдырмау және табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережелері

Ескерту: Ережелердің барлық мәтіні бойынша:

"N 2 нысан бойынша" деген сөздер алынып тасталды;

"заңнама актілеріне" деген сөздер "заңдарына" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық Кодексі) 194-бабына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен жасалған қосарланған салықты болдырмау және табыс пен капиталға (мүлікке) салықтар төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттарды (бұдан әрі - халықаралық шарттар) әкімшіліктендіру тәртібін көздейді.

Халықаралық шарттың ережелері осындай шарт жасасқан мемлекеттің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады. Егер халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүдделеріне халықаралық шарттың ережелерін пайдаланатын болса, ол резидентке

Халықаралық шарттың ережелері қолданылмайды.

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстарға салық салу мақсатында резидент емес - заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу әдісі

1. Резидент емес заңды тұлғада Салық кодексінің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжат болған кезде Салық Кодексінің 195-бабына сәйкес егер тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент емес - заңды тұлғаның салық салынатын табысын айқындау кезінде халықаралық шарт ережелерімен Қазақстан Республикасында да, сондай-ақ одан тысқары жерлерде де осындай салық салынатын табысты алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарына шегерімге жол берілсе, онда мұндай шығыстардың сомасы мынадай әдістердің бірі бойынша айқындалады:

- 1) шығыстарды теңбе-тең бөлу әдісі;
- 2) шегерімге шығыстарды тікелей (тура) жатқызу әдісі.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2. Резидент емес - заңды тұлға өздігінен шегерімге көрсетілген басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жатқызу әдістерінің біреуін таңдайды.

3. Тұрақты мекемеге шегерімдерді басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын жатқызудың таңдалған әдісі (шығыстарды теңбе-тең бөлу әдісі кезінде пайдаланылатын есептік көрсеткішті есептеу тәртібін қоса) жыл сайын қолданылады және салық органымен келісім бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

4. Резидент емес заңды тұлға шегерімге жатқызылатын аталған шығыстардың сомаларын есептеу мақсатында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 4498 болып тіркелген, " Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 13 желтоқсандағы N 637 бұйрығымен (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілген, тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасының салық органына берілетін 100.11 нысан бойынша корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияның 11-қосымшасын т о л т ы р а д ы .

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а

, 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2. Шығыстарды теңбе-тең бөлу әдісі

5. Салық Кодексінің 196-бабына сәйкес теңбе-тең бөлу әдісін пайдалану кезінде тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылатын резидент емес - заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы резидент емес - заңды тұлғаның осындай шығыстардың сомасы мен есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалады.

6. Есептік көрсеткіштер төмендегі тәсілдердің бірімен есептеледі:

1) салық кезеңі үшін резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметін жүзеге асырудан алынған жылдық жиынтық кірісі сомасының резидент емес заңды тұлғаның аталған салық кезеңі үшін тұтастай алғанда жылдық жиынтық табысының жалпы сомасына қатынасы ;

2) орташа шаманы (ОШ) үш көрсеткіш бойынша айқындау: салық кезеңі үшін резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметін жүзеге асырудан алынған жылдық жиынтық кірісі сомасының (К) резидент емес заңды тұлғаның аталған салық кезеңі үшін тұтастай алғанда жылдық жиынтық табысының жалпы сомасына қатынасы ;

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің салық кезеңінің соңындағы қаржылық есептілігінде ескерілген негізгі қорлардың (НҚ) бастапқы (ағымдағы) құнының резидент емес заңды тұлғаның негізгі қорларының сондай салық кезеңі үшін тұтастай алғанда жалпы бастапқы (ағымдағы) құнына қатынасы; салық кезеңінің соңындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеде жұмыс жасайтын персоналдың еңбегіне ақы төлеу (ЕТ) бойынша шығыстар сомаларының резидент емес заңды тұлғаның сондай салық кезеңі үшін тұтастай алғанда персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасына қатынасы.

Орташа шама мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ОШ = (К + НҚ + ЕТ) / 3 .$$

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

7. Есептік көрсеткішті есептеудің жоғарыда аталған тәсілдерінің бірін резидент емес - заңды тұлға өздігінен айқындайды.

8. Есептік жолмен айқындалған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы растаушы құжаттар болған кезде ғана тұрақты мекемеге шегерімге жатады. Бұл ретте, осы құжаттардың негізінде резидент емес - заңды тұлға Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіпте

басқару және жалпы әкімшілік шығыстары сомасының шегеріміне қатысты түзетулер тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметі бойынша бұрын берілген салық есептілігін енгізуге немесе ағымдағы салық кезеңінде мұндай құжаттар жоқ болған жағдайда келесі салық кезеңінде шегерімге салық кезеңінің мұндай шығыстарын енгізуге құқылы.

9. Р а с т а у ш ы қ ұ ж а т т а р :

1) резидент емес заңды тұлға айқындайтын есептік көрсеткішке қарай: тұтастай алғанда жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы; тұтастай алғанда персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарының ж а л п ы с о м а с ы ;

тұтастай алғанда негізгі қорлардың бастапқы және қалдық құндары; жеке-жеке таратып жазып, оның ішінде басқару және жалпыәкімшілік шығыстардың жалпы сомасын таратып жаза отырып шығыстардың жалпы сомасы ашылатын резидент емес заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің к ө ш і р м е с і ;

2) резидент емес заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің аудиторлық қорытындысының (мұндай тұлғаның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыру кезінде, яғни егер ол резидент болып табылатын елдің заңнамалары бойынша қаржылық есептіліктің аудиті көзделсе) көшірмесі болып табылады.

Сонымен қатар резидент емес заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің бөлігі болып табылатын есеп саясаты беріледі, онда аталған шығыстарды шегерімге жатқызуға қолданылатын әдістің мазмұны ашылады.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

10. Теңбе-тең бөлуге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы қаржылық есептілікте көрсетілмеген жағдайда, мұндай шығыстар Қазақстан Республикасындағы көздерден салық салынатын кірісті айқындау кезінде резидент емеске шегерімге қабылданбайды.

11. Қазақстан Республикасындағы және салық төлеушінің резиденттік еліндегі салық кезеңдерінің сәйкессіздігі нәтижесінде туындаған Қазақстан Республикасындағы шегерімге жатқызылуы тиіс басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу кезінде пайдаланылатын көрсеткіштерді салыстыру мүмкін емес жағдайда ТМСКТК және ССКТК тиісті түзету коэффициенттері қолданылады:

ТМСКТК - тұрақты мекеме арқылы қызметтен Қазақстан Республикасындағы салық кезеңінің түзету коэффициенті;

ССКТК - резиденттік елінде салық төлеушінің салық кезеңінің түзету коэффициенті.

12. ТМСКТК Кодекстің 196-бабының ережелеріне сәйкес есептік көрсеткішті есептеу үшін аталған салық кезеңдерінің тең ұзақтығы кезінде Қазақстан Республикасында және резиденттік елінде салық төлеушінің салық кезеңдерінің басы-соңы мерзімдеріне сәйкес келтіру мақсатында енгізіледі. ТМСКТК Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің салық кезеңі айларының жалпы санына базалық салық кезеңінің шегіне кіретін Қазақстан Республикасындағы тиісті салық кезеңінің айлар санының қатынасы ретінде айқындалады.

Осындай жолмен, резиденттік еліндегі салық кезеңіне Қазақстан Республикасындағы салық кезеңіне сәйкес келтіру нәтижесінде есептік көрсеткішті есептеу кезінде пайдаланылатын тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызмет бойынша резидент еместің көрсеткіштері түзетуге жатады, қызмет бойынша көрсеткіштер тұтастай алғанда өзгеріссіз қалады. Бұл ретте, түзетуден кейін тұрақты мекеме арқылы қызмет бойынша көрсеткіштер аталған көрсеткіштерге ТМСКТК қолданумен базалық салық кезеңінің шегіне кіретін Қазақстан Республикасындағы салық кезеңінің көрсеткіштер сомасына немесе салық кезеңі үшін көрсеткіштен тұрады.

13. Салық Кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы шегерімге жатқызылатын резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу үшін резиденттік еліндегі және Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің салық кезеңдерінің ұзақтығына сәйкес келтіру мақсатында ССКТК енгізіледі.

ССКТК резиденттік еліндегі салық төлеушінің салық кезеңі айларының жалпы санына базалық салық кезеңінің шегіне кіретін резиденттік еліндегі салық төлеушінің тиісті салық кезеңінің айлар санына қатынасы ретінде айқындалады. Базалық салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы есепті салық кезеңі қ а б ы л д а н а д ы .

ССКТК пайдалану кезінде Қазақстан Республикасындағы салық кезеңіне резиденттік еліндегі салық кезеңіне сәйкес келтіру нәтижесінде есептік көрсеткішті пайдалану кезінде пайдаланылатын, тұтастай алғанда қызмет бойынша резидент еместің көрсеткіштері түзетуге жатады, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызмет бойынша көрсеткіштер өзгеріссіз қалады. Бұл ретте, түзетуден кейін тұтастай алғанда, қызмет бойынша көрсеткіштер аталған көрсеткіштерге ССКТК қолданумен базалық салық кезеңінің шегіне кіретін немесе резиденттік еліндегі салық кезеңі үшін көрсеткіштер сомасын немесе салық кезеңі үшін көрсеткіштен тұрады.

14. Резидент емес - заңды тұлға шет тілінде жасалған құжатты (тұтастай алғанда қызмет бойынша қаржы есептілігінің көшірмесі) салық органына беруге құқылы. Резидент емес отыз жұмыс күні ішінде салық органының бірінші талап етуі бойынша олардың аудармасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен

белгіленген тәртіпте нотариус куәландырған мемлекеттік немесе орыс тілінде
б е р е д і .

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

3. Шегерімге шығыстарды тікелей (тура) жатқызу әдісі

15. Салық кодексінің 197-бабына сәйкес резидент еместің басқару немесе жалпыәкімшілік шығыстарын шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісін пайдалану кезінде, егер мұндай шығыстар тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен табыс алу мақсаты үшін тура анықталса және тікелей келтірілген болса, онда Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылады.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

16. Көрсетілген шығыстар растаушы құжаттар болған кезде ғана тұрақты мекемеге шегерімге жатады.

17. Растаушы құжаттар болып мыналар табылады:

1) тұрақты мекеме арқылы қызметтен кірістер алу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында резидент емес - заңды тұлға шеккен шығыстарды растайтын бухгалтерлік құжаттар;

2) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен кірістер алу мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары резидент емес - заңды тұлға шеккен шығыстарды растайтын бухгалтерлік құжаттар көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер (шоттар, чектер және өзге де құжаттар) алу мақсатында резидент емес тұтынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жеткізуі - үшінші тұлғалар мен резидент еместің растаушы бухгалтерлік құжаттары).

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

18. Тұрақты мекеме арқылы қызметі бойынша бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары мен тіркелімдері мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалады.

Шет тілінде жасалған резидент еместің бастапқы құжаттары болуы кезінде салық органы олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасын талап етуге құқылы. Салық органының бірінші талап етуі бойынша резидент емес отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте нотариус куәландырған олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі а у д а р м а с ы н б е р е д і .

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

4. Шартты банк салымдары арқылы тұрақты мекеме құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместердің кірістерінен табыс салығын төлеу

Ескерту: 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

19. Салық Кодексінің 198-бабымен көзделген табыс салығын төлеу тәртібі егер, өзге аталған баптармен өзге көзделмесе, Салық Кодексінің 199 - 202-1 баптарымен көзделген кірістерді қоспағанда, тиісті халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместің халықаралық шарт ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құрмастан Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған кіріске қолданылады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

20. Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер алушы мұндай резидент осы бөліммен көзделген табыс салығын төлеу тәртібін қолдануға немесе қолданбауға құқылы.

21. Осы бөлімнің ережелерін қолданбау жағдайында салық агенті резидент емеске кірістерді төлеу кезінде Салық кодексінің 179 - 181 -баптарымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік бюджетке төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуға және аударуға міндетті.

22. Кіріс алатын резидент емес, салық агенті және салық агенті айқындаған резидент-банк (бұдан әрі - банк) салық агенті Салық кодексінің ережелеріне сәйкес резидент еместердің кірістерінен табыс салығын төлегенге дейін осы тараудың ережелерін ескере отырып шартқа қатысушылармен келісілген нысанда, үш данада шартты банк салымы туралы шарт жасасады. Салық кодексінің 181-бабымен айқындалатын төлем көзінен табыс салығын төлеу күніне шартты банк салымы туралы шарт болмаған жағдайда, салық агенті төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке аударды.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

23. Салық агенті шартты банк салымы туралы шартқа қол қою күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде осындай шартты өз тіркеу орны бойынша салық органында тіркеуге міндетті, оның көшірмесі осы салық органына беріледі. Одан басқа, шартты банк салымына табыс салығын аудару сәтінен бастап екі жұмыс күні ішінде салық агенті аталған салық органына төлем құжатының көшірмесін беруге міндетті .

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

24. Салық агентін тіркеу орны бойынша салық органы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2672 болып тіркелген "Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 530 бұйрығына (бұдан әрі - N 530 бұйрық) 19-қосымшаға сәйкес шартты банк салымы туралы шарттарды тіркеу журналын жүргізеді.

Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

25. Салық агентін тіркеу орны бойынша шартты банк салымы туралы шартты тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңдарының ережелерін шартты банк салымы туралы жағдайлар ескеріле ме екендігін тексеру қажет.

26. Салық Кодексінің 198-бабының ережелері салық органында тіркелген шартты банк салымы туралы шарттарға ғана таралады. Бұл ретте, тіркеуге олардың шарттары осы бөлімнің ережелеріне қайшы келмейтін шартты банк салымы туралы шарттар жатады.

27. Резидент емеске кірісті төлеу сәтінде салық агенті Салық кодексінің 180 - бабымен белгіленген ставка бойынша төлем көзіне табыс салығын ұстап қалуды жүргізуге және Салық кодексінің 181 -бабымен белгіленген мерзімде резидент еместің пайдасына банкке шартты банк салымына ұстап қалынған салық сомасын аударуға міндетті.

28. Қазақстан Республикасында жұмыстардың орындалуы (қызметтердің көрсетілуі) аяқталған бойда және халықаралық шарт талаптары орындалған ретте , сондай-ақ резидент еместің кірісінен табыс салығын бұрын ұсталынған табыс салығы сомасын қайтару мақсатында шартты банк салымына аударған жағдайда резидент емес салық агентінің тіркелген жері бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған орган болып табылатын салық органына (уәкілетті мемлекеттік органды қоспағанда) осы Ережелердің 13-тарауында белгіленген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен N 102.01 нысан бойынша өтініш (бұдан әрі - өтініш) б е р е д і .

Егер салық агенті уәкілетті мемлекеттік органға қатысты төменгі тұрған болып табылатын салық органында тіркелген жағдайда, өтініш аталған органға б е р і л е д і .

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

29. Салық органы өтінішті және қажетті құжаттарды осы Ережелердің 14-бөлімімен белгіленген тәртіпте мерзімнен кешіктірмей қарайды және төменде белгіленген тәртіпте резидент емеске және банкке хабарланатын өтініш бойынша

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

30. Осы Ережелердің 14-бөліміне сәйкес расталған тексеріспен өтініште көрсетілген ақпараттың растығы жағдайында салық органы тиісті халықаралық шарт ережелеріне сәйкес резидент емеске қайтаруға жататын салық сомасын қойып берілген өтінішті куәландырады және куәландырылған өтінішті өтініш беруші - резидент емеске береді.

31. Резидент емес куәландырылған өтінішті салық органынан алып оны банкке береді. Осындай жолмен ресімделген және куәландырылған өтініштің болуы ғана есептелген банк сыйақыларын және өтініште көрсетілген және шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасын резидент емес - өтініш берушіге аударуға қазақстандық банкке құқық береді. Салық органы куәландырған өтініш жоқ болған кезде банк резидент еместің немесе салық агентінің пайдасына шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын аударуға құқығы жоқ. Салық органы куәландырған резидент еместің өтінішінің болуынсыз резидент еместің немесе салық агентінің пайдасына шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын банктің аударуы жағдайында банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

32. Халықаралық шарт ережелерін резидент еместің дұрыс қолданбауы жағдайында салық органы резидент емеске дәлелді бас тартуды береді. Салық органының теріс шешімімен келіспеген кезде резидент емес салық органынан бас тартуды алу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күні ішінде осы Ережелердің 13-тарауында айқындалған қажетті құжаттар мен өтінішті қосып тиісті халықаралық шарт ережелерін қолданудың дұрыстығына қатысты мәселені қайта қарау туралы өтінішпен бірге уәкілетті мемлекеттік органға (қажет жағдайда, резиденттік елінің құзыретті органын тарта отырып) жүгінуге құқығы бар. Резидент емес бір уақытта оның шешіміне шағымдану туралы өтінішті куәландырудан бас тартқан салық органын хабарландырады .

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

33. Салық органының шешіміне шағымдану туралы резидент еместен хабарламаның белгіленген мерзімінің ішінде алмаған жағдайда және өтініш бойынша халықаралық шарттың ережелерін қолдануға теріс шешім қабылдау кезінде теріс шешімді резидент еместің алу күнінен бастап тоқсан күнтізбелік күнінің аяқталуы бойынша салық органы банкке резидент емеске жолданған хат

көшірмесінің қосымшасымен мемлекеттік бюджетке өтініште көрсетілген салық сомасын аудару туралы инкассалық иелік етуді жібереді. Салық органы инкассалық иелік етумен банкке N 530 бұйрыққа 23-қосымшада белгіленген мемлекеттік бюджетке оны аудару сәтіне дейін салықты орналастыру сәтінен бастап есептелген банк сыйақыларының сомасына қатысты сұрау салуды жібереді.

Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

34. Банк осы тараудың 33-тармағында көрсетілген құжаттарды салық органынан алған күннен кейін бір операциялық күннен кешіктірмей шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын мемлекеттік бюджетке аударады және екі жұмыс күнінің ішінде салық органына уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 101.10 нысаны бойынша есептелген банк сыйақыларының сомасы туралы мәліметті жібереді.

Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

35. Банк сыйақыларының сомасы туралы банктен мәлімет алу сәтінен бастап жұмыс күнінің ішінде салық органы банкке мемлекеттік бюджетке осындай сыйақылардың сомасын аудару туралы инкассалық иелік етуге қояды.

36. Банк осы бөлімнің 34-тармағымен белгіленген мерзімде мемлекеттік бюджетке банк сыйақыларының сомасын аударуға міндетті.

37. Өндіріп алынған салық сомасы Салық Кодексімен көзделген резидент еместің мемлекеттік бюджет алдындағы салық міндеттемелерін өтеу есебіне есепке алуға жатады .

Ескерту: 37-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

38. Салық органы белгіленген мерзім ішінде туралы резидент еместен оның шешіміне уәкілетті мемлекеттік органда шағымдану туралы хабарламаны алған жағдайда банк сыйақылары мен салық сомасын аудару туралы инкассалық өкімді салық органы уәкілетті мемлекеттік органнан шешімді алғанға дейін қоймайды.

Ескерту: 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

39. Резидент емес белгіленген мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға өтінішті қайта қарау және осы Ережелердің 14-тарауына сәйкес тексеріспен расталған өтініште көрсетілген ақпараттың растығын анықтау туралы жүгінген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік орган берілген өтінішті резидент емеске

халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес қайтарылуға жататын салық сомасын қоя отырып растайды және өтініш беруші - резидент емеске куәландырған өтінішті береді. Өтініштің көшірмесі уәкілетті мемлекеттік органмен, оның шешімімен қоса резидент еместің өтініш берген орны бойынша салық органына жіберіледі.

Резидент емес уәкілетті мемлекеттік органнан куәландырылған өтінішті банкке береді. Банк осы тараудың 31-тармағымен белгіленген тәртіпте резидент емеске банк сыйақыларын және шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын аударады.

Ескерту: 39-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

40. Халықаралық шарт ережелерін резидент еместің дұрыс қолданбауы нәтижесінде туындаған теріс шешімді құзыретті органның қабылдауы жағдайында уәкілетті мемлекеттік орган резидент емеске дәлелді бас тартудың осындай шешімін қабылдау сәтінен бастап жұмыс күні ішінде жібереді, оның көшірмесі резидент еместің өтініш беру орны бойынша салық органына жіберіледі.

Ескерту: 40-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

41. Халықаралық шарт ережелерін резидент еместің дұрыс қолданбауы туралы уәкілетті мемлекеттік органнан шешімді алу сәтінен бастап жұмыс күні ішінде салық органы банкке осы бөлімнің 33-36-тармақтарымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік бюджетке банк сыйақылары мен салық сомасын аудару туралы инкассалық иелік етуді қояды.

Ескерту: 41-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

42. Шартты банк салымдары ұлттық немесе шетел валютасында ашылуы мүмкін.

Шетел валютасында шартты банк салымын ашу жағдайында шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын аударуға салық органының инкассалық иелік етуі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығымен және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 28 желтоқсанда N 2106 болып тіркелген, "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысымен белгіленген тәртіпте айқындалған инкассалық иелік етуді қою күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қойылады.

Бұл ретте, мемлекеттік бюджетке салық органының инкассалық иелік етуді

қою күніне және мемлекеттік бюджетке салықты аудару күніне белгіленген Ұлттық Банкінің ресми бағамдары арасында туындайтын оң және теріс бағамдық айырма мен аударылатын табыс салығының сомасы төлемін тағайындауды көрсете отырып мемлекеттік бюджетке төлеу (аудару) сәтіне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютада табыс салығының сомасы аударылады.

Банк сыйақылары мемлекеттік бюджетке орналастырылған табыс салығын аудару (төлеу) күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютада мемлекеттік бюджетке төлеуге (аударуға) жатады.

Ескерту: 42-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

43. Салық Кодексінің 198-бабындағы 14-тармаққа сәйкес резидент емес және салық агенті өтініш негізіндегі резидент еместің пайдасына шешімді салық органының қабылдауына дейін шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасына иелік етуге құқылы.

44. Банк кінәсі бойынша болған мемлекеттік бюджетке ұстап қалынған табыс салығының сомасын уақтылы емес аудару және шартты банк салымы туралы шарт ережелерін бұзған кезде банк Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

45. Мемлекеттік бюджетке шартты банк салымында орналастырылған табыс салығын аудару бойынша міндеттемелерді банктің орындауы мүмкін болмаған жағдайда, мемлекеттік бюджетке салықты уақтылы емес аударғаны үшін банк сыйақылары мен айыппұл санкциялары, табыс салығын есептеу бойынша міндеттеме салық агентіне жүктеледі.

46. Шоттарында шартты банк салымдары орналастырылған банктер есепті тоқсан ішінде ақша қозғалысы болған кезде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей салық агенттерінің тіркелген жері бойынша салық органына уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 101.09 нысан бойынша е с е п т і б е р е д і .

Ескерту: 46-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

47. Салық органдары мемлекеттік бюджетке шартты банк салымында орналастырылған табыс салығы сомасының уақтылы төленуі мен толықтығы үшін бақылауды жүзеге асыру мақсатында:

- 1) шартты банк салымында орналастырылған;
- 2) халықаралық шарттар ережелерін қолдануға құқығы бар резидент е м е с т е р г е т ө л е н г е н ;

3) осы бөлімнің 46-тармағына сәйкес банк беретін есеп беруге сәйкес мемлекеттік бюджетке аударылған табыс салығының сомасының есебін жүзеге асыруға міндетті.

Бұл ретте, салық органдары N 530 бұйрыққа 21-қосымшада белгіленген табыс салығының осындай сомасы есебінің ведомостын жүргізуге міндетті.

Ескерту: 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

5. Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен төленген табыс салығын мемлекеттік бюджеттен қайтару

Ескерту: 5-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

48. Тиісті халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке төлеген жағдайда, мұндай резидент емес төленген табыс салығының сомасын Салық кодексінің 38-бабында белгіленген талап ескіру мерзімінің ішінде мемлекеттік бюджеттен қайтарып алуға құқылы. Резидент емес салық агентінің тіркелген орны бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған салық органына (уәкілетті мемлекеттік органды қоспағанда) осы Ережелердің 13-тарауында белгіленген тәртіппен, халықаралық шарт ережелерін орындаған жағдайда өтініш береді.

Резидент еместің Қазақстан Республикасында жұмыстар (қызмет көрсетулер) орындаудан алынған табысынан мемлекеттік бюджетке салық төленген жағдайда , резидент емес халықаралық шартты қолдануға өтінішті Қазақстан Республикасында жұмыстар (қызмет көрсетулер) орындау аяқталғаннан кейін салық органына табыс етеді.

Егер салық агенті уәкілетті мемлекеттік органға қатысты төмен тұрған органда тіркелген болса, өтініш аталған органға беріледі.

Ескерту: 48-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

4 9 . < * >

Ескерту: 49-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

5 0 . < * >

Ескерту: 50-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

51. Салық органы осы Ережелердің 14-тарауында белгіленген тәртіпте және сол мерзімнен кеш емес өтінішті қарайды. Өтініште көрсетілген ақпараттың растығы жағдайында берілген өтінішті куәландырады, өтініш беруші - резидент емеске куәландырған өтінішті береді және Салық кодексінің 40-бабында белгіленген тәртіпте мемлекеттік бюджеттен өтініште көрсетілген табыс салығының сомасын қайтаруды жүргізеді.

Ескерту: 51-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

52. Халықаралық шарттың ережелерін қолданудың дұрыс еместігі жағдайында салық органы резидент емеске дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту: 52-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

52-1. Салық органының теріс шешімімен келіспеген жағдайда резидент емес мұндай шешімді алған күннен бастап тоқсан күнтізбелік күні ішінде немесе салық органының шешімі болмаған жағдайда белгіленген мерзім өткеннен кейін Салық кодексінің 203-бабына сәйкес қажетті құжаттар мен өтінішті қоса бере отырып, халықаралық шарт ережелерін қолданудың дұрыстығы туралы мәселені қайта қарау туралы өтінішпен уәкілетті мемлекеттік органға (қажеттілік жағдайында, резиденттік елінің құзыретті органын тарта отырып) жүгінуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

53. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Ережелердің 14-бөлімімен белгіленген тәртіпте резидент еместің өтінішін қарайды және өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыстығы жағдайында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес мемлекеттік бюджеттен резидент емеске қайтаруға жататын салық сомасын қойып өтінішті куәландырады және куәландырылған өтінішті өтініш беруші - резидент емеске береді .

Ескерту: 53-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

54. Уәкілетті мемлекеттік органнан куәландырылған өтінішті алып резидент еместің өтініш беру орны бойынша салық органына оны резидент емес береді, ол Салық кодексінің 40-бабында белгіленген тәртіпте мемлекеттік бюджеттен өтініште көрсетілген салық сомасын қайтаруды жүргізеді.

Ескерту: 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

55. Уәкілетті мемлекеттік орган резидент еместің халықаралық шарт ережелерін қолдануының заңсыздығы туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган резидентке емеске осындай шешім қабылданған сәттен бастап жұмыс күні ішінде негізделген бас тарту жібереді, оның көшірмесі резидент еместің өтініш беру орны бойынша салық органына жіберіледі.

Ескерту: 55-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

6. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру жағдайында халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін пайдаланудан резидент емес - заңды тұлғалардың кірістерге салық салуға қатысты халықаралық шарттар ережелерін қолдану

Ескерту: 6-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

56. Салық Кодексінің 199-баптың 1-тармағында сәйкес халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес - заңды тұлға алатын оның тарабының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден кірістер егер, ол осындай қызметпен байланысты Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі бар болса, резиденттікті растайтын құжат негізінде халықаралық шарт ережелерін қолдануға өтінішті берусіз салық салудан босатылуға жатады.

203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін резиденттікті растайтын құжат корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны беру кезінде тіркеу орны бойынша салық органына беріледі.

Ескерту: 56-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

57. Халықаралық тасымалдардағы көлік қызметтерін көрсетуден (халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасындағы салық салудан босатылған), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында көлік немесе өзге де қызмет түрлерін көрсетуден (Қазақстан Республикасындағы салық салуға жататын) резидент емес - заңды тұлғаның кірістерді алуы жағдайында ол бухгалтерлік есепте осындай кірістердің бөлшек есебін жүргізуге міндетті.

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда салық салынатын кірістің жалпы сомасы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс сомасына азайтылады.

Халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасындағы салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс сомасын айқындау үшін 110.26 нысаны бойынша корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларацияға 26-

қ о с ы м ш а

т о л т ы р ы л а д ы .

Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін пайдаланудан салық салынатын кіріс бухгалтерлік есепте осындай шығыстар мен кірістердің есебін бөлшек жүргізу негізінде есептелген осындай кірістердің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Халықаралық тасымалдардағы көлік қызметтерін көрсетуден кірістер алу үшін шегілген шығыстар сомасы тікелей және жанама әдіспен айқындалады.

Тікелей әдіс халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден және Қазақстан Республикасындағы қызмет көрсетуден кірістерді алу үшін шегілген шығыстардың бөлшек есебін бухгалтерлік есепте жүргізу негізінде тиісті шығыстарды ай қ ы н д а у д ы қ а р а й д ы .

Жанама әдіс салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістерді алу үшін резидент емес шеккен шығыстардың жалпы сомасы және үлестің туындысы ретінде аталған шығыстарды айқындалуды көздейді. Үлес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің жалпы сомасына халықаралық тасымалдардағы көлік қызметтерін көрсетуден кірістер сомасының қ а т ы н а с ы р е т і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

Бұл ретте, салық төлеуші шығыстарды есептеудің көрсетілген әдістерінің біреуін дербес таңдауға құқылы.

Ескерту: 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

58. Қазақстан Республикасының аумағын қозғамастан, тек қана Қазақстан Республикасынан тысқары көлік қызметтерін көрсетуден резидент емес - заңды тұлға алатын кірістер Салық Кодексінің 178-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер болып табылмайды және сәйкесінше корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілмейді.

59. Мемлекеттік бюджетке салықтарды төлемеуге немесе толық емес төлеуге алып келген, тиісті халықаралық шарт ережелерін дұрыс емес қолдану кезінде салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

7. Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме құрмастан халықаралық тасымалдардағы көлік құралдарын пайдаланудан резидент еместің кірістерге салық салуға қатысты халықаралық шарттар ережелерін қолдану

Ескерту: 7-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

60. Салық кодексінің 199-бабының 2-тармағына сәйкес салық агенті резидент емеске тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық

тасымалдардағы резидент еместің тұрақты мекемесімен байланысты емес көлік құралдарын пайдаланудан кірістерді төлеу сәтіне егер мұндай резидент емес кірістерді түпкілікті алатын болып табылса және халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы болса, 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжат болған ретте тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

Ескерту: 60-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

60-1. Резидент еместің аталған кірістерін салық салудан босатуға қатысты тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолданатын салық агенті Салық кодексінің ережелерімен белгіленген тәртіппен өзінің тіркелген жері бойынша салық органына берілетін кірістер кімге төленетініне қарай халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) кірістердің және ұсталған (ұстаудан босатылған) салықтардың сомаларын, табыс салығының ставкасы мен халықаралық шарттың атауын көрсете отырып уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 101.06 немесе 201.01 нысаны бойынша Резидент еместің төлем көзінен ұсталатын табыс салығының есебін толтырады.

Ескерту: 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

60-2. Салықты мемлекеттік бюджетке төлемеуге немесе жартылай төлемеуге әкеліп соқтырған, халықаралық шарттың ережелерін заңсыз қолданған ретте салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте б о л а д ы .

Ескерту: 60-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

8. Халықаралық шарттың ережелерін резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерінің жекелеген түрлеріне салық салуға қатысты қолдану

Ескерту: 8-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

61. Салық кодексінің 200-бабына сәйкес салық агенті резидент емеске кірістерді төлеу сәтіне, егер осындай резидент емес кірістердің түпкілікті алушысы болып табылса және осындай халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы болса, резидент емес ұсынған Салық кодексінің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін резиденттікті растайтын құжат негізінде

тиісті халықаралық шартты дербес қолдануға құқылы.

Резидент емес осы Кодекстің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес, резидент еместігін растайтын құжатты табыс төленетін күннен кешіктірмей табыс еткен жағдайда, резидент еместің табыстарын шегерімге жатқызған кезде салық агентінің халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген (нөлдік) ставкасын қолдануға да құқығы бар.

Салық кодексінің көрсетілген бабында белгіленген халықаралық шарттардың ережелерін қолдану тәртібі резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарының мынадай түрлеріне:

д и в и д е н д т е р г е ;
с ы й а қ ы л а р (п р о ц е н т т е р) ;
р о я л т и ;

сенімгерлік басқарғаны үшін комиссиялар және кастодиальдық қызмет көрсету ;

Салық кодексінің 178-бабының 2) тармағында көрсетілген тек Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызмет көрсетуден алынатын табыстарға; жөндеу жұмыстарын қоспағанда, егер негізгі құралдарды мақсаты бойынша пайдалану үшін оларды жұмыс істеу күйіне келтірумен (іске қосу-жөндеу, монтаждау жұмыстарын қоса алғанда) тікелей байланысты қызметтер көрсету (жұмыстарды орындау) негізгі құралдарды жеткізіп беруге арналған сыртқы сауда келісім-шартының шеңберінде және тиісті халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құруға әкеп соқпайтын мерзім шегінде орындалса, осындай көрсетілетін қызметтерден (жұмыстардан) түсетін табыстарға;

күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімге жасалған және осы резидент емес Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындауға жасасқан өзге де келісім-шарттармен (жобалармен) байланысты емес қысқа мерзімді келісім-шарттар шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетуден (жұмыстарды орындаудан) түсетін табыстарға; осы Кодекстің 178-бабында көзделген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын, осы Кодекстің 198 - 201-1-баптарында , сондай-ақ осы тармақтың 1)-7) тармақшаларында көзделмеген өзге де табыстарға салық салуға қатысты қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту: 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

62. Резидент еместің аталған кірістерін салық салудан босатуға қатысты тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолданатын салық агенті Салық кодексінде

белгіленген тәртіппен өзінің тіркелген жері бойынша салық органына берілетін кірістер кімге төленетініне қарай халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) кірістердің және ұсталған (ұстаудан босатылған) салықтардың сомаларын, табыс салығының ставкалары мен халықаралық шарттың атауын көрсете отырып уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 101.06 немесе 201.01 нысаны бойынша Резидент еместің төлем көзінен ұсталатын табыс салығының есебін толтырады.

Ескерту: 62-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

63. Мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге алып келетін халықаралық шарт ережелерін дұрыс қолданбау кезінде салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

9. Тұрақты мекеме арқылы қызметтен алынған таза кіріске салық салуға қатысты халықаралық шарттарды қолдану тәртібі

Ескерту: 9-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

64. Салық Кодексінің 201-бабына сәйкес резидент емес - заңды тұлға өз тіркеу орны бойынша салық органына резидент емес беретін Корпорациялық табыс салығы уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 100.00 нысаны бойынша декларацияға қоса берілетін 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін резиденттікті растайтын құжат негізінде халықаралық шарт ережелерін қолдануға өтінішті берусіз тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған таза кіріске салық салуға қатысты халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқылы, егер мұндай резидент емес халықаралық шартты қолдануға құқылы болса.

Ескерту: 64-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

65. Резидент емес - заңды тұлға оның негізінде тиісті салық ставкасы қолданылған халықаралық шарт атауы мен таза кіріс сомасын, ставканы 100.29 нысаны бойынша Корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларацияға 29-қосымшаны көрсетуге міндетті.

Ескерту: 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

66. Мемлекеттік бюджетке салықты төлемеуге немесе толық төлемеуге алып келген халықаралық шарт ережелерін дұрыс қолданбау кезінде салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

10. Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес алған өзге де кірістерге салық салуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

Ескерту: 10-тарау (67-73-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

11. Халықаралық шарттың ережелерін резидент емес жеке тұлғаның төлем көзінен салық салуға жататын кірістерін салық салудан босатуға қатысты қолдану

Ескерту: 11-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

74. Салық Кодексінің 201-1-бабының 1-тармағына сәйкес салық агенті резидент емес жеке тұлғаға кірістерді төлеу сәтіне, егер осындай резидент емес жеке тұлға кірістердің түпкілікті алушысы болып табылса және тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы болса, резидент емес жеке тұлға салық агентіне беретін резиденттікті растайтын құжат негізінде тиісті халықаралық шарттың ережелерін резидент емес жеке тұлғаның оны қолдануға өтініш беруінсіз қолдануға құқылы.

Ескерту: 74-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

75. Салық агенті өзінің тіркелген жері бойынша салық органына уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығымен бекітілген 201.01 нысаны бойынша берілетін Резидент еместің төлем көзінен ұсталатын табыс салығының есебінде Салық кодексінің ережелерінде белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төленген (есептелген) кірістердің және ұсталған (ұстаудан босатылған) салықтардың сомаларын, табыс салығының ставкасы мен халықаралық шарттың атауын көрсетеді.

Ескерту: 75-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

75-1. Салықты мемлекеттік бюджетке төлемеуге немесе жартылай төлемеуге әкеліп соқтырған, халықаралық шартты заңсыз қолданған ретте салық агенті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

Ескерту: 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

11-1. Халықаралық шартты резидент емес жеке тұлғаның төлем көзінен салық салуға жатпайтын кірістерін салық салудан босатуға қатысты қолдану

Ескерту: 11-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

75-2. Төлем көзінен табыс салығы салынуға жатпайтын Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алатын резидент емес жеке тұлға тиісті халықаралық шарттың ережелерін мұндай шарттың талаптарын орындаған ретте қолдануға құқылы. Резидент емес жеке тұлға өзінің тіркелген жері бойынша салық органына Салық кодексінің 527-бабында белгіленген тіркелген күнінен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей немесе халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатылуға жататын Салық кодексінің 190-бабында көрсетілген кірісті алған ретте, Салық кодексінің 172-бабында белгіленген жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру мерзімінен кешіктірмей резиденттігін растайтын құжатты табыс етеді.

75-3. Резидент емес жеке тұлғада Салық кодексінің 201-1-бабы 2-тармағында көрсетілген салық есептілігінің тиісті нысанын табыс ету кезінде резиденттігін растайтын құжат болмаған жағдайда, резидент емес жеке тұлғаның осындай табыстары Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады.

Тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы резидент емес жеке тұлға Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерінен мемлекеттік бюджетке табыс салығын төлеген жағдайда, мұндай резидент емес төлеген табыс салығын осы Ережелердің 5-тарауында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттен қайтарып алуға құқылы.

Ескерту: 75-3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12. Шетелдік тұлғаның резиденттігін растайтын құжат

76. Шетелдік тұлғаның резиденттігін растайтын құжат кіріс алушы - шетелдік тұлға Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасалған тиісті мемлекеттің резиденті болып табылатын растау туралы оның резиденті болып табылатын шетел мемлекетінің құзыретті органы куәландырған ресми құжаттан тұрады .

Ескерту: 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

77. Шетел тұлғасының резиденттігін растайтын құжат осы Ережелердің 78-тармағының 4)тармақшасымен белгіленген тәртіпте жариялануы тиіс. Осы Ережелердің 78-тармағының 4)тармақшасына сәйкес дипломатиялық немесе консульдық жариялау жоқ болған жағдайда мұндай құжат жарамсыз болып табылады.

13. Халықаралық шарттың ережелерін және резиденттікті растайтын құжатты қолдануға өтінішті беру кезіндегі жалпы талаптар

Ескерту: Тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

78. Салық кодексінің 198 және 198-1-баптарын қолданған жағдайда, өтінішті салық органы мынадай талаптар орындалған кезде:

1) салық төлеуші өтінішпен бірге:

жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) немесе өзге де мақсаттарға жасалған келісім-шарттардың (шарттардың, келісімдердің) көшірмелерін; резидент емес заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) көрсетіле отырып, құжаттардың (құрылтай құжаттардың не сауда-саттық тізілімінен үзінді ж а з б а н ы ң) к ө ш і р м е л е р і н ;

орындалған жұмыстар актісін және (немесе) резидент еместің әртүрлі жұмыстарды орындау фактісі мен мерзімін растайтын өзге құжатты;

объектіні пайдалануға қабылдау актісін және (немесе) құрылыс жұмыстарын орындау фактісі мен мерзімін растайтын өзге құжатты;

қызметтер көрсету фактісі мен мерзімін растайтын шотты, төлем құжатын; мүлікті (жабдықты) жалға беру фактісі мен мерзімін растайтын Қазақстан Республикасында мүлікті (жабдықты) қабылдап алу және жалға беру актісін;

жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) жасалған келісім-шарт (шарт, келісім) бойынша резидент емес өтініш берушінің міндеттемелерін орындау мақсатында жеке тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасында резидент емес өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның) атынан жұмыстарды орындайтын резидент еместердің тізімін осындай жеке тұлғалардың паспорттық деректерін, олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін көрсете отырып табыс еткен;

2) салық агенті:

есептелген және төленген табыстар және ұстап қалған салықтар сомасын растайтын бухгалтерлік құжаттарды:

резидент еместің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды бастауы туралы және резидент еместің Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды аяқтауы туралы өтініштерінің көшірмелерін салық органының оларды қабылдағаны туралы белгілерімен қоса табыс еткен;

3) Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан резидент емес салық төлеушінің резиденттігі мемлекетінің құзыретті немесе уәкілетті органы резидент емес салық төлеушінің резиденттігін (аталған өтініш бланкісінде немесе резиденттікті растайтын құжатты немесе оның нотариалды куәландырылған

көшірмесін қоса тіркей отырып) растаған кезде қабылдайды. Бұл ретте осы баптың және Салық кодексінің 195 , 198 - 201-1 және 203-баптарының мақсаттары үшін тиісті халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес резиденттік еліндегі өзінің тіркелу деректері өзгерген жағдайда, көрсетілген баптарда белгіленген тәртіппен өзгерген деректерді ескере отырып, резиденттігін растайтын құжатты немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесін табыс етуге міндетті;

4) "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі заңында және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 264 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1350 болып тіркелген) бекітілген Консулдық заңдастыру Ережелерінде белгіленген тәртіппен қойылған қол мен резидент еместің резиденттігін (резиденттігін растайтын құжатты) растаған органның және резиденттігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынған жағдайда шетелдік нотариустың мөрін дипломатиялық немесе консулдық заңдастыруды жүзеге асырған кезде қабылдайды.

Егер, өтініш беруші - шетелдік тұлға 1961 жылғы 5 қазандағы шетелдік ресми құжаттарды жариялау талабын жоятын Конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция) қосылған ел резиденті болып табылған жағдайда, онда шетелдік тұлға оның резиденттігін куәландырған шетелдік мемлекеттің құзыретті орган қолы мен мөрін жариялауға қатысты Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына аталған Конвенцияның күшіне енуінен кейін осы Конвенцияның ережелерін қолдануға құқылы.

Ескерту: 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

78-1. Салық кодексінің 195 , 199 - 201-1-баптарын қолдану мақсатында шетелдік тұлғаның резиденттігін растайтын құжатты салық агенті (салық органы) осы баптың Салық кодексінің 203-бабы 2-тармағында белгіленген талаптар орындалған кезде қабылдайды.

Салық төлеушінің резиденттігін растайтын Салық кодексінің 203-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін резидент емес салық төлеуші (салық агенті) Салық кодексінің 196, 199-201-1-баптарында көзделген салық есептілігінің тиісті нысанымен бір мезгілде салық есептілігінің тиісті нысаны ұсынылатын жердегі салық органына табыс етеді.

Ескерту: 78-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

7 9 . < * >

Ескерту: 79-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

**14. Халықаралық шарттың ережелерін қолдануға
өтінішті салық органының қарауы кезіндегі
жалпы талаптар**

80. Резидент еместің өтінішін қарайтын салық органы Салық кодексінің 38-бабы 1-тармағында белгіленген, қуыну мерзімі өткен кезең үшін кіріс төлейтін салық агентіне, өтініш берген резидент еместің кірісінен төлем көзінен табыс салығын есептеу мен ұстау бойынша олардың салық міндеттемелерін орындау мәніне тақырыптық салық тексеруін жүргізеді. Аталған тексеруді жүргізу барысында салық органы мынадай мәселелерді анықтау мәніне құжаттарды тексереді:

1) берілген келісім-шарттар біртұтас жобамен байланысты емес пе, берілген келісім-шарт бір немесе байланысты жобалардың шегінде басқа келісім-шартпен (келісім-шарттармен) байланысты емес пе;

2) резидент резиденттерге бұрын қызмет көрсетті ме, Қазақстан Республикасының аумағында резидент еместің қызметі тұрақты сипат ала ма;

3) резидент емес Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмады ма (бар ма) ;

4) жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға келісім-шарттармен көзделген мерзімдерге жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындаудың нақты мерзімдері сәйкес келе ме (бұл мәселе Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды, қызмет көрсетулерді резидент емес - өтініш берушінің орындауы кезінде қаралды ма) ;

5) құжаттарда көрсетілген мәліметтер тиісті халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес келе ме;

6) Салық Кодексінің ережелеріне сәйкес салық органдарында салық есебіне немесе салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуге өтініш беруші - резидент еместер өтті ме;

7) берілген өтініштер дұрыс толтырылды ма;

8) резиденттікті растайтын өтініштерде немесе құжаттарда шетелдік тұлғаның резиденттігін куәландырған құзыретті органның және шетел тұлғасының қолы мен мөрі қойылды ма;

9) салық агенттерін тіркеу орны бойынша салық органында шартты банк салымы туралы шарттар тіркелген бе (бұл мәселе мұндай шарттарды резидент

еместің жасауы кезінде қаралады);

10) оның қатысушыларымен шартты банк салымы туралы шарт жағдайы сақтала ма (бұл мәселе резидент еместің осындай шартты жасауы кезінде қаралады);

11) өтінішке қоса берілетін құжаттардың растығы мен толықтығы.

Ескерту: 80-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен, 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 бұйрығымен.

81. Осы Ереженің 80-тармағына сәйкес тақырыптық салық тексеруін жүргізу барысында алған ақпарат, резидент еместердің өтініштерін қарағанда талап етілетін, салық органдарының сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының берген мәліметтерімен салыстырып тексерілуі тиіс (мысалы, резидент еместің қызметкерлерінің келуі жөнінде немесе жасасқан келісім-шарт немесе бір немесе байламалы жобалар шеңберіндегі келісім-шарттар бойынша оның Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау үшін басқа персоналды жалдағаны жөніндегі мәліметтер мен басқа да мәліметтер.

Ескерту: 81-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 бұйрығымен.

82. Берілген ақпараттың растығын тексергеннен кейін және өтініш беруші - резидент шынында да халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы барлығына көз жеткізіп салық органы резидент емеске қайтаруға жататын халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық сомасын берілген өтініште қояды.

Ескерту: 82-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

83. Салық органдары Салық Кодексінің 193-бабының ережелерін, халықаралық шарттардың 10-12 баптарының ережелерін орындау мақсатында немесе өзге қажетті ақпаратты тексеру үшін онымен халықаралық шарт жасалған резиденті болып табылатын өтініш беруші шетел мемлекетінің құзыретті органына уәкілетті мемлекеттік орган арқылы қосымша ақпарат туралы сұрау салуға құқылы.

Ескерту: 83-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

84. Салық органы резидент еместің аталған өтінішін резидент емес Салық кодексінің 203-бабында белгіленген құжаттарды қоса тіркей отырып, өтінішті салық органына берген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды, және өтініште көрсетілген ақпараттың дұрыс болған жағдайда, расталған өтінішті резидент емеске береді және Салық кодексінің 40-бабында көзделген тәртіпте мемлекеттік бюджеттен табыс салығының сомасын қайтару жүргізеді.

Резидент емес талап етілетін құжаттарды тапсырмаған, шет мемлекеттің құзыретті органына немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына қажетті ақпаратты беру туралы сұрау жіберілген жағдайда резидент еместің өтінішін қарау мерзімі көрсетілген құжаттарды, сұратылған ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту: 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

84-1. Шетелдік мемлекеттің құзыретті органынан қосымша ақпарат қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган осындай сұратуды жіберуге міндетті. Жіберілген сұрату бойынша шетелдік мемлекеттің құзыретті органнан резидент еместің өтінішін қарау нәтижелеріне әсер ететін жауап алған жағдайда, салық органдары Салық кодексінің 38-бабында белгіленген талап ескіру мерзімінің ішінде өз шешімін қайта қарауға құқылы.

Ескерту: 84-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

15. Қазақстан Республикасындағы ұстап қалынған және төленген салық сомалары туралы анықтама

85. Салық Кодексінің 204-бабына сәйкес резидент еместің талабы бойынша салық органы 204.01 нысаны (осы Ережелерге 8-қосымша) бойынша ұстап қалынған және Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер сомалары туралы анықтаманы береді.

86. Салық органы 204.02 нысаны (осы Ережелерге 9-қосымша) бойынша тіркеу осындай анықтамалықтарды тіркеу журналын жүргізеді.

16. Қазақстан Республикасындағы корпорациялық немесе жеке табыс салығын төлеу кезінде шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістерден шетел мемлекетінде резидент төлеген салықты есепке жатқызу

Ескерту: 16-тараудың атауы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен.

87. Қазақстан Республикасындағы корпорациялық немесе жеке табыс салығын төлеу кезінде резиденттер салықты төлеуді растайтын құжаттар болған кезде Салық Кодексінің 129-бабына сәйкес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістерден шетел мемлекетінде төленген салықты есепке алуды (шегеру) жүргізуге құқылы.

Шетел мемлекетінің салық органы куәландырған төленген салықтар және шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістер сомалары туралы анықтама осындай құжат болуы мүмкін.

88. Шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістерден шетел мемлекетінде төленген табыс салығын есепке алудың жалпы сомасын айқындау үшін резидент 100.28 нысаны бойынша корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларацияға 28 - қ о с ы м ш а н ы т о л т ы р а д ы .

Ескерту: 88-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

17-бөлім. Шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістерге салық салуға қатысты халықаралық шарт ережелерін резидент еместің қолдану

Ескерту: 17-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

89. Шетел мемлекетінде мүлікті иеленуші немесе шетел мемлекетіндегі көздерден кірістерді алушы резидент шетел мемлекетінің салық заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде осы Ережелердің 1-3, 5-13-бөлімдерімен белгіленген тәртіпте осындай мүлікке немесе кірістерге салық салуға қатысты халықаралық шарт ережесін аталған мемлекетте қолдануға құқылы. Алайда, бұл жағдайда, резидент халықаралық шарт ережелерін қолдану үшін шетел мемлекетінің салық органына осы Ережелерге 10-Қосымшаға сәйкес N3 нысан бойынша резиденттікті растайтын құжат немесе шетел мемлекетінің салық заңнамасымен белгіленген нысан бойынша өтінішті немесе өзге құжатты беруі тиіс.

Резиденттілігін растайтын, N 3 нысан бойынша құжатты фирмалық бланкіде салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған (мемлекеттік уәкілетті органды қоспағанда) салық органы береді.

Ескерту: 89-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

89-1. Қазақстан Республикасының резиденттілігін растайтын, N 3 нысан бойынша құжатты алу үшін резидент, Бұйрықпен бекітілген, 102.02 нысан бойынша салық резиденттілігін растайтын құжатты алуға салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған (мемлекеттік уәкілетті органды қоспағанда) салық органына өтініш береді.

Бұл ретте төменде көрсетілген салық төлеушілер үшін 102.02 нысан бойынша өтінішпен тапсыру үшін қажетті құжаттардың мына тізбесі көзделген:

1) тиімді басқару орны Қазақстан Республикасындағы резидент болып табылатын шет елдік заңды тұлға үшін, - заңды тұлғаның тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында бар екендігін растайтын құжат (заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті негізгі басқаруды жүзеге асыру және стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын көрсетумен

құрылтайшылардың (акционерлердің) жалпы жиналысының хаттамасы);
2) резидент болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы үшін:
Қазақстан Республикасының жеке бас куәлігінің немесе төлқұжатының
к ө ш і р м е с і ;

3) резидент болып табылатын шет ел азаматы немесе азаматтығы жоқ
т ұ л ғ а л а р ү ш і н :

жеке бас куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі;
Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжаттарды (визаның мерзімі,
жұмыс уақытын есепке алу бойынша мәліметтер және өзге де құжаттар).

Ескерту: 89-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

90. Егер резидент кірістерге немесе мүлікке салық салу бойынша шетел мемлекетінің іс-әрекеті тиісті халықаралық шарт ережелеріне қайшы келеді деп санаса, ол шетел мемлекетінің ішкі заңнамасымен көзделген қорғау құралына қарамастан уәкілетті мемлекеттік органына немесе шетел мемлекетінің құзыретті органына жүгіне алады .

Ескерту: 90-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

18-тарау. Резидент еместің, егер резидент емес заңды тұлғаның акциялары немесе активтері құнының 50 процентінен астамын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент еместер шығарған осындай акцияларды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түскен табыстарға қатысты халықаралық шарттардың ережелерін қолдануы

Ескерту: 18-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 658 бұйрығымен .

91. Резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың, егер резидент емес заңды тұлғаның акциялары немесе активтері құнының 50 процентінен астамын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент еместер шығарған осындай акцияларды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түскен табыстары Қазақстан Республикасында 20 процент ставка бойынша салық салынуға жатады .

Резидент емес салық төлеуші табыс салығын есептеуді дербес жүргізеді және салық мүлігінің 50 процентін резидент емес заңды тұлғаның өткізілген

акциялары немесе активтері құрайтын резидент заңды тұлғаның тіркеу орны бойынша салық органына декларацияны міндетті түрде табыс етумен Салық кодексінде корпорациялық немесе жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей төленуге жатады.

92. Бұл ретте, резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалар мүлігінің 50 процентін резидент емес заңды тұлғаның өткізілген акциялары немесе активтері құрайтын резидент заңды тұлғаның тіркеу орны бойынша салық төлеушілер ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

N 2 н ы с а н

Қазақстан Республикасымен жасалған
қосарлама салықты болдырмау және
кіріс пен капиталға (мүлікке)
салықтар төлеуден жалтарудың
алдын-алу жөніндегі халықаралық
шарттарды әкімшіліктендіру
ережелеріне 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

Қазақстан Республикасымен жасалған
қосарлама салықты болдырмау және
кіріс пен капиталға (мүлікке)
салықтар төлеуден жалтарудың
алдын-алу жөніндегі халықаралық
шарттарды әкімшіліктендіру
ережелеріне 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасымен жасалған
қосарлама салықты болдырмау және
кіріс пен капиталға (мүлікке)
салықтар төлеуден жалтарудың
алдын-алу жөніндегі халықаралық
шарттарды әкімшіліктендіру
ережелеріне 3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан	Республикасымен	жасалған
қосарлама	салықты	болдырмау және
кіріс	пен капиталға	(мүлікке)
салықтар	төлеуден	жалтарудың
алдын-алу	жөніндегі	халықаралық
шарттарды	әкімшіліктендіру	

ережелеріне 4-қосымша

Ескерту: 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

Қазақстан	Республикасымен	жасалған
қосарлама	салықты	болдырмау және
кіріс	пен капиталға	(мүлікке)
салықтар	төлеуден	жалтарудың
алдын-алу	жөніндегі	халықаралық
шарттарды	әкімшіліктендіру	

ережелеріне 5-қосымша

Ескерту: 5-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы жасасқан
табыс пен капиталға (мүлікке)
салық төлеуден жалтарудың алдын
алу және қосарланған салық салуды
болдырмау жөніндегі халықаралық
шарттарды әкімшіліктендіру

ережелеріне 6-қосымша

Ескерту: 6-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан	Республикасымен	жасалған
қосарлама	салықты	болдырмау және
кіріс	пен капиталға	(мүлікке)
салықтар	төлеуден	жалтарудың
алдын-алу	жөніндегі	халықаралық
шарттарды	әкімшіліктендіру	

ережелеріне 7-қосымша

Ескерту: 7-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 344а бұйрығымен .

Қазақстан Республикасымен жасалған қосарлама салықты болдырмау және кіріс пен капиталға (мүлікке) салықтар төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру

ережелеріне 8-қосымша
204.01-нысаны

_____ бойынша Салық органы

_____ ж ы л ү ш і н

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер және төленген салықтар сомасы туралы
_____ **НАҢЫҚТАМАЛЫҚ**

Резидент еместің толық атауы немесе резидент емес жеке тұлғаның аты-жөні

Резидент емес тіркелген ел _____

В а л ю т а к о д ы _____

К ө р с е т к і ш т е р

С о м а

1. Қазақстан Республикасындағы көздерден салық салынатын кіріс есептелді, барлығы:
о н ы ң і ш і н д е :
 - тұрақты мекеме құрмастан қызметтен резидент емес - жеке тұлғалардың кірістері
 - тұрақты мекеме арқылы қызметтен резидент емес болып табылатын заңды немесе жеке тұлғаның салық салынатын кірісі
 - резидент емес - жеке тұлғаның өзге де кірістері
 - тұрақты мекеме арқылы қызметтен таза кіріс
2. Салықтар есептелді, барлығы:
о н ы ң і ш і н д е :
 - корпорациялық табыс салығы _____ %
(с т а в к а)
 - жеке табыс салығы _____ %
(с т а в к а)

- таза кіріске салық _____ %
(с т а в к а)

3. Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтар төленді,
б а р л ы ғ ы :
о н ы ң і ш і н д е :
- корпорациялық табыс салығы
- жеке табыс салығы
- таза кіріске салық

С а л ы қ о р г а н ы н ы ң
басшысы _____

(қолы)
М.О. " ____ " _____ жыл

Қазақстан Республикасымен жасалған қосарлама салықты болдырмау және кіріс пен капиталға (мүлікке) салықтар төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережелеріне 9-қосымша

204.02 нысаны

_____ бойынша Салық комитеті

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер және төлеген салықтарының сомасы туралы анықтамаларды тіркеу журналы

Р/с N	Тіркеу күні	Тіркеу нөмірі	Салық төлеуші	Салық төлеуші	Валюта коды	Есептелді			
			- рези. дент	резидент. тіктің		Кіріс	Салық	Таза	
			еместің атауы	елі		салынатын	кіріс	кіріс	
			немесе						
			аты - жөні						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Е с е п т е л д і			С а л ы қ т а р	
			т ө л е н д і	
К о р п о р а ц и я л ы қ	Ж е к е	Т а з а		
т а б ы с с а л ы ғы	т а б ы с	т а б ы с		
	с а л ы ғы	с а л ы ғы		
1 0		1 1	1 2	1 3

Қазақстан Республикасы жасасқан табыс пен капиталға (мүлікке) салық төлеуден жалтарудың алдын алу және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі халықаралық шарттарды әкімшіліктендіру ережелеріне 10-қосымша

Ескерту: 10-қосымша жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 15 ақпандағы N 67 , 2007 жылғы 29 наурыздағы N 183 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

N 3-нысан

Резиденттілік сертификаты

Қазақстан Республикасының құзырлы органы _____

_____ 200_____ жылғы
"___" _____ бастап _____ салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) берумен Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатындығын растайды.

Осы сертификат Қазақстан Республикасы мен _____ арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық келісімнің ережелерін қолдану үшін берілді.

Осы сертификат _____ жылға берілді.

Лауазымы _____

Аты-жөні _____

Қолы _____

М.О.

Беру күні 200_ жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ